ҚАЗАҚ ТІЛІН МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ:

«Қазақ музыка тарихы» курсы тәжірибесінен

ҚҰСАЙЫНОВА МЕЙРАМГҮЛ

mkussainova@nu.edu.kz

Музыка – кез-келген тілді үйретудің ең тиімді құралы. Музыканы лингвистикалық материал ретінде оқыту студенттердің тілді меңгеруге эмоционалды қызығушылығын арттырады.

.



Қазақ тілін музыка арқылы оқыту - студенттерге қазақ тілінің көркемдік және әуездік құрылымы, қазақ тілінің тарихи және әлеуметтік аспектілері, қазақ халқының мәдени құндылықтары мен дана даналығын меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақ музыкасы арқылы қандай тілдік дағдыларды дамыта аламыз?

- Ән мәтіндерін лексика-грамматикалық тұрғыдан талдау;
- Ән мәтіндерін терминологиялық, аналитикалық және сыни талдау;
- Ән мәтіндерін салыстыру-салғастыру тұрғысынан талдау;
- Тілдік қарым-қатынастың (коммуникация) қалыптастыру;
- Сөздік қорды кеңейту;
- Студент бойындағы психо-эмоциональдық кедергілерді жою;
- Тарихи-мәдени бірегейлік;
- Студенттің жоғары белсенділігі, т.б.

Неге қазақ әндері?

1. Қазақ әндерінің қомақты қоры;
2. Әндер - қазақ тілінің әдеби көркемдік үлгісі;
3. Әндер - өткен тарихтың көрінісі
4. Әндер - идеологиялық сарын көрінісі
5. Әндер – тәрбие құралы
6. Әндер - ұрпақтар сабақтастығы өлшемі
7. Әндер - қоғам өмірінің айнасы

Тілдік дағдылар: Оқылым

- Ән мәтіндері
- Ғылыми және танымдық мақалалар
- Ғылыми монографиялар
- Көркем шығармалар
- «Қазақ музыка тарихы» оқулықтары
- БАҚ материалдары
- Ғаламтор материалдары, веб-сайттар, порталдар
- Әлеуметтік желі материалдары

Тілдік дағдылар: Жазылым

Қазақ музыка тарихының маңызды мәселері бойынша:

- апталық есеп
- Эссе
- Презентация
- Аннотоция
- Рецензия
- Ғылыми жоба
- Ағымдық бақылау
- Аралық бақылау

Тілдік дағдылар: Тыңдалым

- Дәстүрлі ән/күй мектептер қоры туындылары
- Кәсіби қазақ музыкасының туындылары
- Музыкалық жанрлар туындылары: сипаты мен ерекшеліктері
- Музыкалық бейнебаян
- Музыка тарихы, туынды және өнерпаз тұлға жайлы деректі және көркем фильмдер
- Музыкалық телеарна бағдарламалары
- Ғаламтор материалдары

Тілдік дағдылар: Сөйлесім

Қазақ музыкасының маңызды мәселелеріне арналған:

- «Шеберлік алаңы»
- TEDx форматы
- Дебат
- Пікіралмасу
- Пікірталас
- Шығармашылық конкурстар

«Бір әннің тарихы» айдары:
Ақан серінің атақты «Балқадиша» әні

(түпнұсқасы 90 шумақ)

Негізгі мәтіні	Өзгертілген мәтіні
Қыз едің Ыбекеңнің Балқадиша, Бұралған белің нәзік тал, Қадиша. Сексен қыз серуенге шықсадағы, Ішінде қара басың хан Қадиша. Дегенге, Балқадиша, Балқадиша, Өзенді өрлей біткен тал Қадиша. **Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың,** **Боларсың қандай жанға жар Қадиша**. .	Дегенде, Балқадиша, Балқадиша, Бұралған белің нәзік тал, Қадиша. Сексен қыз серуенге шықсадағы, Ішінде шолпан жұлдыз, сен Қадиша. Дегенде, Балқадиша, Балқадиша **Күйеуің сексен бесте шал Қадиша.** **Кетті деп Балқадиша естігенде,** Тауында Жыландының еңіреп жылағаным. Қайролла Жүзбасов Ақан серінің Балқадиша әнінің тарихы //https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/978/

Ақан серінің атақты «Балқадиша» әнін терминологиялық талдау

- Қадиша есімі – «бал» атауы;
- ***Қыздың сұлулығын бейнелеу метафоралары***: «Шолпан жұлдыз», «талдай нәзік белі», «өзенді өрлей біткен бойы», «құралай мөлдіреген көзі», «асау тайдай мінезі», «аққу мойын»;
- ***Қазақ қоғамындағы «жылқы» ұғымы*** - асау тай, кекілі кер бесті тұлпары, тел жирен;
- ***Қазақы салт-дәстүрлер***: сал-серілік дәстүр, шілдехана, қыз бала тәрбиесі – еркелетіп өсіру, атастыру салты, екі жеңгесінің қолдауы;
- ***Көшпелі өмір-салты***: киіз үй, құс жастық;
- ***Жер-су атаулары***: Сырымбет ауылы, Бурабай мекені, Жыланды тауы, Зеренді ауылы.



Музыка тарихының өзгертілуі: «Дудар-ай әні»

- Авторлығы бойынша болжамдар:
    1. «Халық әні»
    2. Мариям Жагорқызы / Рекина Мария Егоровна
    3. Үлебай Анетов
- Адамбек Дос Копбайұлы – зейнеткер – Қарқаралы – Мади тойы
- Музыкатанушылар И.Жақанов пен А.Белоцерковский растайды.
- Мемлекеттік тапсырыс өнімі
- Кеңестік идеология сарыны – ұлтаралық достық пен отбасыны насихаттау

«Дудар-ай» әнінің аудармасы

Қазақша нұсқасы	Транскрипт	Ағылшын нұсқасы
Мариям Жагор деген орыс қызы, Он алты, он жетіге келген кезі. Қазаққа Дудар деген ғашық болып Сондағы Мариямның айтқан сөзі: Дударари-дудым Бір сен үшін тудым! Шіркін-ай, Дударари-дудым-ай!	Mariam Zhagor degen orys qyzy, On alty, on zhetige kelgen kezi. Qazaqqa Dudar degen gashyk bolyp Sondagy Mariamnyn aitqan sozi: Dudarari-dudym Bir sen ushin tudym! Shirkin-ai, Dudarari-dudym-ai!	The doughter of Zhagor - russian girl Mariam, She is around 16-17 years old. And felt in love with kazakh man named Dudar Then Mariam sang: Dudarari-dudym Born for you! Ah! Dudarari-dudym-ai!

Курс нәтижесі

- Әндер өмірдің ажырамас бөлігі. Қазақ тілін музыка арқылы оқыту – тілді оқытудың табиғи, ыңғайлы, тиімді, тартымды, қызықты әдісі болып табылады.

- Сыныпта жасалған кейбір тапсырмалар ұмытылуы мүмкін, бірақ студенттің өзі орындаған, өзі талдаған, өзі аударған ұлттық музыка өмір бойына әсерін тигізеді. Студенттің бойында ұлттық құндылықтарды қадірлеу мінезі қалыптасады.

- Жұптық, топтық талдау жұмыстары немесе хормен ән шырқау – студенттің сөйлеу мәнерін жақсартады, психологиялық комплекстерден арылтады.

Назарларыңызға рахмет!